



# ТӨЛЕБИ ТҰЫ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№9 (8821) Жұма, 20 ақпан 2026 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: [tolebi\\_tuy@mail.ru](mailto:tolebi_tuy@mail.ru)

## Түркістан облысында бірнеше аудан, қаланың көшелері реттеліп, нысандардың сәулеті жақсарады

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен сәулеттік жобалар бойынша мәжіліс өтті. Жиында өңірдің инфрақұрылымын дамытуға, инвестициялық тартымдылығын арттыруға және қалалық орта сапасын жақсартуға бағытталған 9 жоба қаралды.

Күн тәртібінде Төлеби ауданының Ленгір қаласының сәулетін жақсартуға ұсынылған жобалар, Төлеби ауданы Біркөлік шатқалын реттеп, туристік әлеуетін көтеру, Келес ауданындағы көшелер мен ғимараттарды реттеуге қатысты ұсыныстар қаралды. Сонымен бірге Түркістан қаласы Есімхан даңғылына орналасатын жанармай құю бекеті жобасы, ӘІО аумағында орналасатын қонақ үй, бизнес-орталық және сауда орталығы кешені, ӘІО аумағындағы коммерциялық нысан жобасы, медициналық орталық, Мәдени-рухани орталық аумағына орналасатын коммерциялық нысан жобасы, сондай-ақ Б.Саттарханов даңғылы мен Есімхан даңғылының қиылысында салынатын айналма жол жобасы да талқыланды.

Алғашқы үш мәселе туралы облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Қуаныш Асанов баяндама жасап, аудандардағы жобалардың

сәулеттік шешімдері мен инфрақұрылымдық мүмкіндіктеріне тоқталды. Облыс әкімі мен сәулеттік кеңес мүшелері аз қаржыны талап ететін жобаларға басымдық беру керектігін айтты.

Түркістан қаласында жүзеге асырылатын жобалар бойынша «Туған» арнайы экономикалық аймағы» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Жасұлан Төлебеков инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігі мен жаңа жұмыс орындарын құру әлеуетін таныстырды. Ал Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Әбілсейіт Рабаев жол-көлік инфрақұрылымын жетілдіруге бағытталған айналма жол жобасын баяндады.

Жиын қорытындысында облыс әкімі жауапты тұлғаларға жобалардың сапалы әрі уақтылы іске асырылуын қамтамасыз ету, сәулеттік талаптардың сақталуын қатаң бақылау және өңірдің бірегей келбетін қалыптастыру бағытында нақты тапсырмалар берді. Кейбір жобаларды жетілдіру жөнінде ұсыныс беріліп, ол мәселелер алдағы уақытта талқыланатын болды.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жуырда өткен облыстық «Ой сандық» атты мұғалімдердің зияткерлік байқауында ұстаздарымыз жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

## «Ой сандықтан» жүлдемен!

Жұптық сайыс нәтижесі бойынша: Жексенбаева Гүлжан (№7 ІТ мектеп лицейі, қазақ тілі пәнінің мұғалімі), Сартаев Нұрислам (Tolebi smart school, математика пәнінің



мұғалімі), Жаңбыр Ақниет (Майбұлақ ЖББМ, қазақ тілі пәнінің мұғалімі), Қайрат Жанғали (Қ.Байболов атындағы ЖББМ, математика пәнінің мұғалімі) 2-орын; Мейманалиева Гүлнұр (Ынтымақ ЖББМ, қазақ тілі пәнінің мұғалімі), Шерхан Қапалбай (Диханкөл ЖББМ, математика пәнінің мұғалімі) 3-орынды иеленді.

Кәсіби шеберліктерін дәлелдеген ұстаздарымызға толағай табыс тілейміз!

## Халықаралық әріптестікке жол ашылды

Қытай Халық Республикасының «Са Long» компаниясының өкілдері Төлеби ауданы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында аудан кәсіпкерлерімен кездесті.

Кездесу барысында орталықтың негізгі қызмет бағыттары таныстырылып, кәсіпкерлерге көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары, қаржылай және қаржылай емес бағдарламалар, сондай-ақ сервистік қызметтер туралы жан-жақты ақпарат берілді.



Өз кезегінде қытайлық инвесторлар құрылыс саласына арналған өнімдері мен заманауи технологияларын таныстырып, құрылыс материалдарын өндіру және инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру бойынша ұсыныстарын білдірді.

Тараптар өзара іскерлік байланыстар орнату, инвестициялық әлеуетті тиімді пайдалану және нақты жобаларды іске асыру тетіктерін талқылады.

Төлеби ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

## АРДАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

басары болып Құлманов Сайлаубай тағайындалды.

13 ақпанда аудандық ардагерлер кеңесінің ІХ конференциясы өтіп, ұйым қызметінің нәтижелері мен келешектегі жоспарлары кеңінен талқыланды.

Алқалы жиынға Түркістан облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов қатысып, ардагерлер қозғалысының қоғамдық маңызын атап өтті. Ол өз сөзінде аға буынның ел ішіндегі татулықты сақтаудағы, жас ұрпаққа бағыт-бағдар берудегі айрықша рөліне тоқталды.

Конференция жұмысына аудан әкімінің орынбасары Бағдатбек Жанғазиев пен аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Қойбағаров қатысып отырды.

Күн тәртібіне сәйкес мандат комиссиясының есебі қаралып, аудандық ардагерлер кеңесінің қызметі бағаланды. Сонымен қа-



тар конференцияда кеңестің жаңартылған құрамы бекітіліп, тексеру комиссиясы сайланды. Облыстық конференцияға қатысатын делегаттар да осы жиында анықталды.

Конференция қорытындысымен Төлеби аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып Сейтхан Ақтаев, ал оның орын-

Басқосу барысында қоғамдық келісімді нығайту, елдік құндылықтарды дәріптеу және өскелең ұрпақ тәрбиесіне бағытталған жұмыстарды жандандыру мәселелері көтеріліп, тиісті шешімдер қабылданды.

Төлеби аудандық мәслихатының баспасөз қызметі.

## Ленгірде игі істер жүзеге асуда

Аудан орталығында тұрғындарды сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жалғасуда. Ленгір қаласының «Алатау» мөлтекауданында орналасқан қуаттылығы 110/10 кВ электр қосалқы станциясы пайдалануға беріліп, бүгінде тұрақты режимде жұмыс істеуде.

Аталған жоба қаланың жоғарғы бөлігінде орналасқан тұрғын аймақтарды үздіксіз электр энергиясымен қамтуға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Төлеби аудандық бөлімшесінің қызметкерлері «Самал» мөлтек-ауданында орналасқан №5, 6, 7, 8, 9 комплектілі трансформаторлық подстанцияларды (КТП) іске қосып, тұрғын үйлерді жаңа электр желісіне қосу жұмыстарын сәтті аяқтады. Қазіргі таңда «Самал» мөлтекауданының тұрғындары сапалы әрі тұрақты электр қуатын тұтынуда.

Бұдан бөлек, «Қазығұрт» мөлтекауданында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, №10, 11, 12 трансформаторлар іске қосылып, тұрғын үйлерді жаңа электр желілеріне қосу жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

Алдағы уақытта да инфрақұрылымды жаңғырту шаралары жалғасып, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға барша жағдай жасала бермек.

Сонымен қатар, қала тұрғындары үшін тағы бір маңызды жаңалық орын алды. Ленгір қаласынан «Тоғыс» шахтасы поселкесі бағытында қоғамдық автобус қатынасы іске қосылды. Аталған бағыттағы жолақысы 100 теңгені құрайды, ал автобус күн сайын 5 мезгіл белгіленген уақыттарда қатынайтын болды. Бұл бастама тұрғындардың орталыққа қатынауын жеңілдетіп, әлеуметтік қолжетімділікті арттыру мақсатында қолға алынды.

«Төлеби-ақпарат».

# Рухани қазынамыздан нәр алу – отаншылдыққа тәрбиелейді

«...Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқаға емес, ең алдымен өзіміз үшін керек. Олардың мұралары – біздің рухани-философиялық болмысымыздың тірегі. Еліміздің гуманитарлық институттары ұлы ойшылдарымыздың ілімін жүйелі түрде насихаттағаны жөн...».

*(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінен).*

Қызылорда қаласында бесінші мәрте шақырылған Ұлттық құрылтайдың отырысында өте өзекті мәселелер талқыланды. Бұл кезекті басқосуда да рухани қазынамыздан нәр алып, халқымыздың баға жетпес қазынасы ұлттық мұрасын сақтап, ұрпаққа табыстау жөнінде де келелі әңгіме болды.

Өздеріңізге мәлім, жыл сайын халқымыздың ұлы тұлғаларының мерейтойларын атап өту дәстүрге айналды. Осы игі істі жүзеге асыруда кітапханашылар мен ұстаздар қауымы, мәдениет саласы қызметкерлері жоспарлы түрде көптеген игі шаралар ұйымдастырып, жүзеге асырып келеді.

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында мемлекет басшысы бұл тақырыпқа ерекше тоқталды. Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс екенін атап өтті. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретінін, қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатқанын, Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізу қажеттігін жеткізді.

Өткен тарихымызға назар салсаңыз, батыс оқымыстылары мен Әлемдік Ислам өркениетінің Орта Азия мен қазақ даласынан шыққан мұсылман ғалымдарынан үйренгендері өте көп болды. Европаны ұйқыдан оятқандардың бәрі де Әл-Фараби, Ясауи, Абай атамыз



сияқты ұлы ойшылдар мен атақты ғұламалар болатын.

Құрылтайда көтерілген мәселелерге орай қазақ даласынан шыққан сол ұлы тұлғаларымыздың бәрін болмаса да бірнешеуінің есімдерін атап өткеніміз жөн сияқты. Атап айтқанда: Ала әд-Дин Байлақ әл Қыпшақи (XII–XIII ғ.), Әбу Абдаллаһ әл – Баласағұни (1040–1112), Захир әд-Дин Мұхаммед Бабыр (1483–1530), Жүсіп Баласағұни (1020– өлген жылы белгісіз), Қадырғали Жалайыри (1555–1607), Махмут Қашқари (1029 ө.ж.б.), Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551). т.б.

Жоғарыда есімдері аталған ғалым ойшылдарымыздан басқа да бүкіл әлемге әйгілі қаншама дара тұлғаларымыз бар. Олардың бізге қалдырған ұлы мұраларының бәрі де бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін баға жетпес рухани байлығымыз, ұлттық мұрамыз болып қала бермек.

Жоғарыда есімдері аталған ғалымдар мен ойшылдарымыздың еңбектері түркі тілдес бауырлармен қатар Европадағы бірнеше халықтардың тілдеріне аударылып, бүкіл адамзаттың асыл мұрасына айналды. Мұны біз мақтаныш тұтуымыз керек.

«...Басты міндет – халқымыздың баға жетпес қазынасы ұлттық мұрамызды сақтап, ұрпаққа табыстау. Осы ретте кейбір Құрылтай мүшелерінің философия, әлеуметтану, саясаттану сияқты ғылымдарды дамыту мен қоғамдық саяси ой-пікірлер көптомдығын әзірлеу туралы ұсынысын атап өтуге болады...», – деді Президент.

Мемлекет басшысы жуырда Астана мен Алматыда Президенттік кітапханалардың құрылысы басталатынын, бұл нысандар кітаптар жиналған жер ғана емес, қазақтың тарихын, мәдениетін мен өркениетін дәріптейтін орталықтар болу керектігін айтты. Сондай-ақ Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысы: «Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл – жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына қатысты мәселе.

...Мен халықтың жады мен ғылым-білімін жинақтайтын

«Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдаймын.

Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай бастама тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады. Мен былтырғы Құрылтайда ғылыми еңбектерді, мұрағат материалдарын, мұражай қорларын және өнер туындыларын жүйелеу қажеттігін ерекше атап өттім. «Ұлттық цифрлық мұра» бұл шаруаны заман талабына сай жүргізуге мүмкіндік береді...», – деді.

Бүгінгі таңда елімізде мектеп оқушылары мен студент жастардан бастап жасы келген ересек адамдардың, барлық мамандық иелерінің білімін жетілдіре түсуіне молынан мүмкіндіктер ашылууда. Сол қажеттіліктерді барынша, ұқыпты пайдаланғанымыз жөн.

Аудандық орталықтандырылған кітапханаға қарасты аудандағы барлық кітапханада кітап қоры жыл өткен сайын түрлі көркем әдебиеттермен, ғылыми еңбектермен, оқулықтармен толығып келеді. Жергілікті оқырман қауыммен байланысымызды нығайта түсу жолында көптеген игі шаралар ұйымдастыруды дағдыға айналдырғанбыз. Мемлекет басшысы атап өткендей, ұлы тұлғаларымыздың мерейтойларын атап өту дәстүрге айналғаны рас. Себебі, бұл бүкіл халқымыз үшін ең айтулы, мерейлі күндердің бірі десек болады. Біз мұндай мерейтойларды бір күн ғана емес, бүкіл жыл бойына түрлі шаралар өткізумен, мерейтой иесінің еңбектерін оқуға оқырмандар тартумен шұғылданып келеміз. Ал енді ашығын айтқанда, халқымыздың Әл-Фараби және басқа да ұлы тұлғаларының рухани қазынасынан сусындап, нәр алып, есімдерін ұлықтап, ұрпақтарымызды отаншылдыққа тәрбиелеу баршамыздың ең қасиетті борышымыз болса керек.

Кезінде көрнекті саясаткер, реформатор Мұстафа Кемал Ататүрік: «Түркі баласы ата-бабасын танып білген сайын ұлы істер жасау жолында тек өз бойынан ғана күш-қуат табады», – депті. Сол айтқандай, біз баршамыз болып, бүгінгі және болашақ ұрпақты өз бойынан күш-қуат табуға, арманы мен мақсаты жолында тынбай ізденіп, еңбектенуге тәрбиелеуге міндеттіміз.

**Ә.МОНТАЕВА,**  
аудандық орталықтандырылған  
кітапхананың кітапханашысы.

## Конституциялық реформалар – ішкі дамудың кепілі

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы Қызылорда қаласында өтті. Онда мемлекеттің алдағы қадамдарын айқындайтын өзекті мәселелер қаралды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кіріспе сөзінде Қызылорда облысының елімізден алатын тарихи орнына, бүгінгі келбетіне қысқаша тоқталып өтті. «Ежелден Сыр – Алаштың анасы» деп тегін айтылмаған. Онда көне қалалар өмір сүріп, қала өркениеті дамығанын айғақтайды. Осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болған. Онда еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданған. Сондай-ақ «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмаған. Қорқыт ата заманынан бері жалғасып келе жатқан жыраулық жыршылық мектебі және күйшілік өнері осы аймақта қанат жайған. Сонымен бірге Сыр бойы – нағыз еңбек адамдары мекені. Кеңес заманында бұл аймақтан 100-ден астам Еңбек Ерлері шыққан, әйгілі күршіші Ыбырай Жақаев – ерен еңбектің символы болды. Соңғы жылдары Қызылорда облысының экономикасы қатты өркендеп келеді, – деп атап көрсетті де, негізгі баяндамасына көшті.

Конституциялық реформаға жасалған өзгерістер 2022 жылдан бастау алды. Бұл Парламенттің өкілеттігін күшейте түсіп, мемлекет басшысы айқындаған «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беруші Үкімет» қағидатына негізделген мемлекеттік басқарудың жаңартылған моделін қалыптастырды.

Осы отырыста Президент бір палаталы Парламентке көшу қажеттігін негіздеді. Бұл қадам заң шығару үдерісін жеделдетіп, мемлекеттік басқарудың тиімділігін

арттырады деді. Осыған байланысты мемлекет басшысы бір палаталы Парламентті Құрылтай деп атауды ұсынды. Бұл атау Қазақ хандығы дәуірінен бастау алатын халықтық басқару дәстүрін жаңғыртып, Парламенттің қоғамдық беделін арттырады. Парламенттің мандат саны 145, ал Комитеттер саны 8-ден аспауы керек. «Мандат – депутат санын көбейту емес, тиімді әрі кәсіби Парламент қалыптастыру», – деп айтты Президент.

Парламентке бірқатар маңызды мемлекеттік органдарды жасақтауға қатысу өкілеттігін беретін болды. Олар: Конституциялық сот, Жоғарғы аудиторлық палата, Орталық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау. Сондай-ақ Жоғарғы сот судьяларын Президенттің ұсынуымен Парламенттің сайлауы билік тармақтары арасындағы теңгерімді нығайтып, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін нығайтады. Депутаттар енді пропорционалды жүйе арқылы сайланады, жеке партиялардың рөлі артады. Ал өңірлерде мажоритарлық жүйе сақталады. Бұл жергілікті халықтың үніне құлақ асып, олардың пікірлерін ескеруге жол ашады. Парламенттегі Президент квотасы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасын алып тастау да – жаңа жоғары өкілді органның дербес әрі тәуелсіз институт ретінде күшейте түсетінін көрсетеді.

Мемлекет басшысы ұсынған Қазақстанның халық кеңесін құру туралы бастамасы да айрықша маңызға ие. Оған Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық Құрылтайдың функциялары жүктеледі. Сондықтан Халық кеңесі әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының

съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да форумдар өткізу міндетін атқарады.

Қазақстанның Халық кеңесі мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени органдардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардың қоғамдық кеңестерінің 42 өкілін қосу ұсынылады. Халық кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды. Халық кеңесіне заң шығаруға бастамашылық құқы беріледі. Жылына кемінде бір рет сессиясы шақырылады.

Сонымен қатар Ата заңға кейбір өзгерістер енгізілетін болады. «Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни заңды түрде келуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс», – деді мемлекет басшысы. Сондай-ақ ол Конституция мәтінінде жекелеген қателер бары анықталғанын, осы олқылықты Конституциялық реформа аясында түзету керек екенін жеткізді. Бұл жұмысқа заңгерлермен қатар тіл мамандары тартылады. Ата заңның Преамбуласын ұлттық құндылықтарымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретіндей етіп қайта жазу. Онда қазақ жеріндегі Өркениет пен мемлекеттіктің тарихы терең екені нақты көрініс табуы тиіс. Осылайша, Қазақстанның ұлы даладағы ұлы мемлекеттердің мұрагері екенін паш етуіміз керек» деді Президент.

Ұлттық құрылтай отырысында мемлекет басшысы Вице-президент инсти-



тутын құру туралы бастама көтерді. – Бұл – елдегі екінші тұлға ретінде ол мемлекеттің саяси бағытын толық жүзеге асыруға жауапты болады. Вице-президент мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындалатын болады.

Қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппарат құрамының бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады.

Конституцияға өзгерістер жасау мақсатымен Конституциялық комиссия құрылады. Оның құрамына 100-ден астам азамат кіреді. Оған Конституциялық соттың төрағасы жетекшілік етеді. Комиссия барлық ұсынысты сараптап, қорытып, нақты өзгерістердің жобасын әзірлейді. Содан соң жалпыхалықтық референдум өтетін уақытты белгілейміз, – деді Президент.

Жалпы алғанда, Құрылтайда айтылған конституциялық бастамалар – мемлекеттің институционалдық құрылымын жаңғыртып, Қазақстанды Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза мемлекетке айналдыруға бағытталған бетбұрыс. Шын мәнінде, Мемлекет басшысы ұсынған реформалар – бүгінгі күннің ғана емес, келер ұрпақтың болашағы үшін қабылданып жатқан шешімдер.

**К.ЕЛИКБАЕВ.**

Ой-хой, дүние серуен!  
Адам бір көшкен көруен.  
Дүниені қызық қалдырып,  
Асамыз өмір белінен.  
Кірсе лебіз – шықса жоқ,  
Қауіп етіңдер өлімнен...

...Қылған қайыр болмаса,  
Не әкетесің өмірден?!  
Дәулетіңнен не пайда,  
Таусылмастай көрінген?!  
Жалғыз мұраң сол болар –  
Қол қайырың берілген,  
Басқа дүние бірі де,  
Көмілмейді кебімен.  
Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,  
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.  
Жақсының әрқашанда жөні бөлек,  
Жаман адам жарамас бір қымтарға.

Бұл жыр алыбының «Әсиет» деген өлеңінен үзінді. Қазақтың айтулы ақындарының бірі – Жамбыл Жабаевты барша қазақпен қатар бүкіл әлем халықтары біледі десек, артық айтқандық болмас еді. Дегенмен, биыл оның туғанына 180 жыл толуына орай ұлы ақын туралы кейбір деректерді қайта еске алсақ, артық болмас деп ойлаймын. Қолдағы мәлімет бойынша ол 1846 жылы Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегінде өмірге келіп, 1945 жылы маусым айында Алматыға жақын Ұзынағашта 99 жасында дүниеден озады. Әкесі Жапа қарапайым шаруа адамы болған көрінеді. Ақын өзі туралы өлеңінде:

Қақаған қар аралас соғып боран,  
Ел үрей – көк найзалы жау торыған.  
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,  
Жамбыл деп қойылыпты атым содан... – дейді.

Өзі бала кезінен оқып, хат тани білмесе де, талай жырлар мен дастандарды өмірге әкелген ұлы ақынның дарындылығы мен қабілетіне сол кезеңдерде ғана емес, бүгінгілердің арасында күмәнмен қарайтындар ұшырасуы әбден мүмкін. Олай дейтіміз, сол кеңестік дәуірдің өзінде Жамбылдың ақындық құдіретіне сенімсіздік білдірген орталық комитет Ұзынағашқа белгілі орыс жазушысы Леонид Соболевті жібереді. Ол үш күн бойы Жамбылдың үйінде болып, оның ақындық қабілетіне қайран қалып, оған «XX ғасырдың Гомері» деген баға береді. Бұл Жамбыл ақынның ұлылығын белгілі қаламгерлердің мойындауы болатын.

Жыр алыбының ақындық қабілеті бала кезінен білінеді. Жетісудің әйгілі ақыны Сүйінбай Аронұлы оның ақындық қабілетін сол бала кезінде-ақ танып, ақ батасын береді. Ол өзін өмір бойы Сүйінбай ақынның шәкірті санап келді. Бұл сөзімізге оның:

Менің пірім Сүйінбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай!  
Сырлы, сұлу сөздері,  
Маған тартқан сыйындай.  
Сүйінбай деп сөйлесем,  
Сөз келеді бұрқырап,  
Қара дауыл құйындай!  
Екпініме кезіккен,  
Кетер ме екен жығылмай... – деген жыр жолдары дәлел.

Жамбыл бозбала кезінен бастап-ақ айтыс сахнасына шықты. Ол бастапқыда

жиын-тойларда қыздармен айтысқан. Бізге жеткен дерек бойынша жас кезінде Сара, Айкүміс, Сайқал, Кәмшәт және де басқа ақын қыздармен дүйім жұрттың алдына

### • Жамбыл Жабаевтың туғанына – 180 жыл

## Жыр алыбы



жыр сайысына түскен. Ол кейіннен сол кезеңдердегі қазақтың белгілі айтыскер ақындарымен, атап айтқанда, Құланиян Құлмамбет, Досмағанбет, Сарыбас, Майкөт, Бақтыбай, Бөлтірік, Шашубай және қырғыздың көптеген суырып салма ақындарымен айтысқан.

Осы айтыстардың ішінде Жамбылдың Құланиян Құлмамбет ақынмен айтысы қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алады.

Өткенге оралсақ, 1897 жылдың жазында Албан руының жайлауында Шәрипа деген қыздың ұзатылу тойы өтеді. Осы тойда Құлмамбет ақын Жетісу мен Ыстықкөлден келген 9 қазақ және қырғыз ақындарының бәрін жеңеді. Бұл кезде Жамбылдың қалың елге айтыскерлігімен дақпырты шығып жүрген еді. Осы тойда ат шаптырып Жамбыл ақынды шақыртып алып, Құлмамбет ақынмен айтысқа түсіреді. Бұл кезде Құлмамбеттің жасы 71-ге келсе (биыл Құлмамбет ақынның туғанына 200 жыл толады), ал Жамбыл 49 жаста болатын. Атадан қалған қазақы дәстүр бойынша қарсыласынан жасы үлкен Құлмамбет домбырасын бірінші болып қолға алып, жыр сайысын бастайды:

Құлмамбет – менің атым, Құланиян,  
Менің Құлан екенім тәңірге аян.  
Албан, Дулат жиналып бата берсе,  
Кеңес айтып жырлайын етіп баян.  
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,  
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.  
Ақын болса, қайда отыр ол немесі,  
Болар-болмас немесін ардақтайды. – деп жырларын төгіп-төгіп жібереді. Ал Жамбыл да домбырасын қолға алып: Болғанда жол ағадан, тон жағадан, Арлан бөрі соғады тау сағадан. Бас қосып бағандармен қалмақ үшін, Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан... – деп, жыр сайысы одан әрі жалғаса түседі.

Осы екі алыптың айтысын оқыған көзі қарақты оқырман-ның Құлмамбеттің даналығына қайран қалмасқа шарасы жоқ. Екі ақын бірін-бірі жырмен түй-реген бола отырып, сол кездегі қоғамның, өмірдің шындығын алдыңызға жайып салады. Осы айтыста Жамбыл жеңіске жетті деп жүрміз. Шындығында, екі ақынның бірі жеңді, екіншісі жеңілді деп те айта алмаймыз. Айтыс үстінде Құлмамбеттің домбырасының тиегі түсіп қалып аз ғана іркіліс болған кезде жыр тыңдап отырған көпшілік «Жамбыл жеңді, Жамбыл жеңді!», – деп отырған орнынан көтеріп ала жөнеледі. Бұл айтыстың соңы осылайша «Жамбыл жеңді-мен» аяқталады. Кейіннен бір басқосуда Жамбылдан:

– Сіз айтыста Құлмамбетті қалай жеңдіңіз?, – деп сұрағанда:

– Ойбай, оны мен жеңген жоқпын, атамыз Қарасай мен ақиық ақын Сүйінбайдың әруағы жеңдірген. Өйтпесе, Құлмамбет дегендерің ол кезде аузымен құс тістеп, шүйіліп тұрған кезі еді. Болмаса үш дуан басын қосқан сол топта он бір ақынды жеңіп, домбырасын керегеге байлап қояр ма еді? – депті. Жыр алыбының бұл жауабын да ұлылықты мойындау деп түсінер едік.

Тарихта мәңгілікке қалған осы айтыстан соң Жамбыл мен Құлмамбет екеуі бірге жүріп, қырғыз жерін аралап, ақындар айтысының көрігін әбден қыздырған көрінеді.

Бұрындары да, қазіргі заманда да суырып салма айтыскер ақындар өз елінің, жерінің жақсы мен жайсаңдарын, жетістіктерін, қоғамдық өмірін жырға қосып мақтау мен мадақтау айтып, қарсылас ақын тұратын аймақтың кемшін тұстарын сыңға алатынын білесіздер. Кеңестік билік кезінде осы екі жыр алыбының айтысына әдебиет сыншылары еділ баға берді деп айтсақ, артықтау болар еді. Себебі, кеңестік саясаттың ықпалымен Құланиян Құлмамбетті бай-манап пен болыс, билерді дәріптеген үстем тап өкілдерінің ақыны, ал Жамбылды кедей-кепшіктің мұң-зарын жырға қосқан нағыз халықтың ақыны дегендей көзқарас білдіріп келді. Қазақ әдебиетінде Құланиян Құлмамбет ақын ерекше орны бары кезінде, тіпті өлі күнге дейін бағаланбай келеді. Егер бағаланса, Құлмамбет ақынның туғанына 200 жыл толғанын атап өтпес пе едік! Қалай десек те, Жамбыл жайлы айқанда, Құлмамбет ақын өріксіз еске түседі.

Ал енді Жамбыл өзіне ұстаз санап, пір тұтқан әйгілі Сүйінбай ақынды Құлмамбет те сыйлап, құрметтеген. Оған ақынның:

...Сүйінбай сенің де ағаң,  
Менің де ағам,  
Менімен айтыссаң, Жамбыл, кетер бағаң... – деген жыр шумақтары куә.

Албан ішіндегі Құланиян Құлмамбет ақын 1906 жылы өмірден озады. Әйелі Бәли қырғыздың қызы екен. Ұл перзенті болмапты. Көне көз қариялардан естүімше өмірінің соңғы жылдарында біздің Төлеби ауданындағы құланиян

бауырларының жанында болып, кейін Жетісуға қарай кетіп, жалғыз қызы Арзыханның қолында тұрып, қайтыс болады. Осыдан-ақ бүкіл қазаққа аты шыққан айтулы ақын болса да, өмірінде тағдыр тауқыметін аз тартпағаны аңғарылады.

Қалай десек те, жыр алыбы Жамбыл атамыздың жырлары ұрпақтарымызға мәңгілікке мұра, сарқылмас рухани қазынамыз болып қалды. Оның көптеген өлеңдерін, жыр-термелерін бүгінгінің жырлаулары түрлі мақаммен жиі орындап жүр. Жамбыл ақынның өлеңдеріне сазгерлер өн де жазды.

Жамбыл ақын жастайынан білім алмағандықтан, жазып өлең шығармаған. Кез келген ортада қандай тақырыпқа болса да, бірден суырып салып өлең шығарған. Оның өлеңдерін жазып алатын хатшылары болған. Ол айтыскер ақын ғана емес, эпикалық жыршы ретінде де кеңінен танылып, батырлар жырларын, аңыз-әпсаналарды жатқа айтқан. Бірнеше дастандар шығарған.

Ұлы ақын 1930 жылдары кеңестік идеологияға бейімделіп, жаңа мазмұндағы өлеңдер шығарды. Отанды, еңбек адамдарын, партияны жырға қосты, мадақтады. Ұлы Отан соғысы жылдарында ақынның өршіл жырлары кеңес әскерлеріне жігер берді. Өсіресе, «Ленинградтық өрендерім» өлеңі соғыс жылдарында ұранға айналды деп айтсақ, артық болмас еді. Ақынның ұлы Алғадай Ұлы Отан соғысына қатысып, 1943 жылы Украинаның Синельниково стансасы түбінде болған шайқаста ерлікпен қаза табады. Жамбыл ата ұлына арнап бірнеше өлең шығарған:

Алғадайым, арлы едің,  
Ата сөзін сыйлаған.  
Перзентімнің алды едің,  
Көңілімді қимаған,  
Аттандырдым майданға,  
Аман-есен жүр, балам... – деп қимастықпен шығарып салса, ұлының шейіт болған қазасын естігенде:  
Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сарыарқаны сандалсам,  
Саңлағымды табам ба?  
Өлім деген у екен  
Мендей көріп адамға... – деп қайғы мен мұңын ақтарады.

Шығыс Гомері атанған ұлы ақынның өлеңдері орыс және шет ел тілдеріне аударылды, мектеп оқулықтарына енгізілді. Ол 1945 жылы 99 жасында өмірден озды. 1946 жылы ақынның 100 жылдық мерейтойын бүкіл кеңестер Одағы болып тойлады.

Ақын табиғат тақырыбына да өлеңдер шығарды:

Тізілген таулары бар Жетісудың,  
Ішінде орман, тоғай біткен нудың,  
Дариядай тулап аққан сол таулардан  
Көресің тамашасын аққан судың.  
Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,  
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.  
Өрік, алма, алмұрт, жиде жемістер көп,  
Бір татсаң, аузыңнан дәм кетпейтін... – деп жырлайды.

О.ҮСІПАЙҰЛЫ.

## «Сталкингті тоқтат!» атты форум

Сейсенбі күні аудандық білім бөлімі мен полиция бөлімінің бірлесіп ұйымдастыруымен аудандық Жастар орталығының ғимаратында «Сталкингті тоқтат!» атты форум өтті. Аталған іс-шараға аудан мектептерінің басшылары, 250-ге жуық жоғары сынып оқушылары, дін өкілдері қатысты. Форумның басты мақсаты жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, жеке шекара ұғымын түсіндіру және қоғамда белең алып отырған сталкинг мәселесінің алдын алу болды.

Іс-шара барысында мамандар сталкингтің мәні мен оның салдары туралы кеңінен түсіндіріп өтті. Сталкинг адамды мазалау немесе өзіне назар аудару емес, бұл – адамның жеке өміріне қол сұғу, психологиялық қысым көрсету, қауіпсіздігіне қатер төндіру. Мұндай әрекеттер жәбірленушінің эмоционалдық жай-күйіне кері әсер етіп, қорқыныш пен сенімсіздік сезімін қалыптастырады.

Сонымен қатар, қоғамда кейде «дәстүр» ретінде қабылданып жүрген қыз алып қашу әрекетінің заң

тұрғысынан қылмыс екені нақты айтылды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі талаптарына сәйкес, адамның еркінен тыс бостандығынан айыру – қылмыстық жауапкершілікке әкелетін құқық бұзушылық. Сондықтан әрбір жас заңды құрметтеп, өзгенің құқығы мен ар-намысына қол сұқпау керектігін түсінуі тиіс.

Форум барысында оқушылармен ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, өмірлік жағдаяттар мысалында құқықтық кеңестер берілді. Сондай-ақ құқықтық мәдениетті нығайтуға бағытталған мазмұнды бейнеролик көрсетілді. Жастар өз ойларын ортаға салып, көкейлеріндегі сұрақтарына нақты жауап алды.

Мұндай кездесулер жас ұрпақтың санасында жауапкершілік пен заңға құрмет сезімін қалыптастырып, қоғамдағы қауіпсіздік пен тәртіпті нығайтуға ықпал етеді.

Заң мен тәртіп – қоғам тұрақтылығының кепілі.



Әр адамның жеке шекарасы – құрметке лайық құндылық.

«Төлеби-ақпарат».

# Конституция – кемел келешек кепілі

«Заман басқа, заң басқа» дейді қазақ. Заман өзгергенде, қоғам өзгергенде, адам өзгергенде заңның өзгеруі – қисынды нәрсе. Бұл жалпы заңнамаға ғана емес, Негізгі заң – Конституцияға да қатысты.



Астанада өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жарты жылдан бері жан-жақты пікір айтылып жүрген елдің басты құжатының жай-күйіне егжей-тегжейлі тоқталды. Конституциялық комиссия құрамына елдің ең таңдаулы перзенттері іріктелгені, оның он отырысында құжаттың әбден пісіп-жетілдірілгені, цифрлық платформалар арқылы бірнеше мың ұсыныс келіп түскені қоғамның саяси мәдениеті және белсенділігі артып келе жатқанын тамаша танытады. Президент «Әрине, қазіргі Конституциямыздың мән-маңызын ешкім жоққа шығармайды. Соңғы 30 жылда жеткен барлық жетістігіміздің бастауында Ата заңымыз тұрғаны сөзсіз» дегенді де қадап көрсетті. Бұл да болса, әділеттіліктің бір белгісі деп білеміз.

Сонымен қатар осы жылдар ішінде 1995 жылғы Конституцияны жиі-жиі жамап-жасқаумен келгеніміз де жасырын жай емес. Парламент Мәжілісінің депутаттығына екі рет сайланған адам ретінде өзіміз де сол істің қайнаған ортасында жүргенбіз. Шын мәнінде бүгінде қолданыстағы Конституцияны қарапайым адам тұрмақ, маман заңгердің өзінің түсініп оқуы қиынға түсіп қалды. Неге олай дейміз? Негесі сол, шамамен үш баптың біреуіне өзгеріс енгізілген, солардың бәріне ескертпе жасалған күйде тұр...

Тұтастай алғанда жаңа Конституцияның жобасын біткен ірі іс ретінде бағалаудың жөні бар. Адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілгені, бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім мемлекеттілігіміздің негізі ретінде белгіленгені, Егемендік пен Тәуелсіздіктің, біртұтастықтың, аумақтық тұтастықтың өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылғандығы бәріміздің көңілімізден шығады. Конституция бірлік пен келісімді нығайта түсетіні еліміз үшін ерекше маңызды.

«Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау» деген тіркеске назарды ерекше аударғмыз келеді. Былай қарағанда, 1990 жылы жарияланған Егемендік 1991 жылғы Тәуелсіздіктің бастапқы белесі сияқты көрінеді. Бірақ мәселенің мәні – тереңде.

Тәуелсіздік – Егемендік перзенті. Алдымен егемендік алмасақ, келесі жылы тәуелсіздік жариялай алмас едік. Сондықтан да ұлттың ұлы мерекесі ретінде Республика күні белгіленіп отыр.

Егемендік – мемлекеттілік негізі. Жалпы, біз ендігі жерде дербес елміз, тәуелсіз мемлекетпіз дегенді дәл бұрынғы күйінде айта да, жаза да бермеуіміз керек те шығар. Себебі тәуелсіздік – мемлекеттің қалыптасуы. Тәуелді мемлекет болмайды. Тәуелді халық мемлекет құра алмайды. Біз тәуелсіздік идеясын көп айтқанда, көп жазғанда оқырманның, көрерменнің, тыңдаушының бойына, ойына еркін елміз, дербес мемлекетпіз деген ұғымның сәт сайын, сағат сайын ұялай беруін көздедік. Кезінде бұл идеология өзін-өзі ақтады. Нақты нәтижесін берді. Енді жаңа идеологиялар санада орнығуға тиіс. Олар жаңа Конституциядан өз орнын тапқалы отыр.

Конституция мәтінінде әр баптың, әр тармақтың бөлекше мәні болады. Бір мысал. Неке туралы айтылатын 30-бапқа мынандай 2-тармақ қосылған: «Неке – ер мен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы». Не үшін? Ер мен әйелдің некелесетіні онсыз да белгілі емес пе? Жоқ, мәселенің масқарасы сонда – қазір бұны онсыз да белгілі ғой дей алмайсыз... Қысқасы, Қазақстан Республикасында ер мен әйел ғана некеге тұра алатын болады. Мына заман заң тілімен осылай жазуға мәжбүр етіп отыр. Ал Конституция біздің өміріміздің бар қырын реттеуге тиіс.


Жобаны қолданыстағы Конституциямен салыстыра қараған адам былайша өзгеріске түспегендей көрінетін баптардың өзінде жекелеген сөздердің қосылғанын, жекелеген сөздердің алынып тасталғанын байқайды. Мысалы, «Конституциялық құрылыс негіздері» бөліміндегі 6-баптың 3-тармағын оқып көрейік:

«Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерлендірілген жасақ құруға тыйым салынады». Қазіргі Конституцияда тұрған «текстік-топтық және рулық араз-

дықты қоздыруға» деген сөздер алынып қалып отыр. 1995 жылғы Конституция қабылданғанда елімізде тектік-топтық астамдық көріністері кездесіп қалатын. Елдің біраз қаласында белгілі бір тек-топтардың («сословие») әскери киіммен шерулетіп, қылышын саландатып жүруі жаңа ғана тоқтатылған кез еді. Соны енді болдырмай етіп, шегелеп жазу қажет болды.

Президент қолданыстағы Конституцияның еліміз енді ғана еңсесін тіктей бастаған кезде қабылдағанын, онда Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қиын күндердің ізі бар екенін айтқанда осындай жайларды аңғартып өткен еді. Ру мәселесі де күн тәртібінде тұрған болатын. Қазір де, мысалы, әлеуметтік желіде жүздерді, руларды алапай сөйлеу кездеспей тұрмайды, мұның санадағы сілемдері алдағы кезде алдан шыға беруі де мүмкін. Бірақ солай екен деп, біз Конституциямызға рулық бөліністі нақтылап жазар болсақ, онда жалпыұлттық бірлік елі қол жетпеген мақсат болып шығар еді. Ал біз – ол мақсатқа қол жеткізген елміз. Қазіргі қазақ – жүз, тайпа, ру биігінен өткен, жаһандандудың жанталасты жарысына кірісіп кеткен, бәсекеге қабілетті халық, өркениетті ел биігіне жеткен қазақ. Конституция біздің сол тұғырымызды тиянақтап тұр.

Біраз уақыт бұрын алдын ала жарияланған мәтінді талқылау барысында бірқатар бапқа нақты-нақты түзету енгізілгені – назар аударарлық жай. Соның бірі – 9-баптың 2-тармағындағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлемде «теңнің» «қатар» сөзімен алмастырылғаны. Жобаның баспасөзде жарияланып, референдум талқысына ұсынылған нұсқасында бұл сөйлемнің аяқ жағы «қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады» деп қазақы, жатық жазылуы да сүйсінерлік. Конституцияда әр сөйлем ғана емес, әр сөз тіркесі ғана емес, әр сөз маңызды. Бұл өзгеріске орай синонимді синониммен алмастырғаннан не өзгереді деушілер табылар. Негізінде қай тілде де жүз пайыз бірдей мағына беретін екі сөз кездеспейді. Тіпті мәні толық бірдей синоним



«Тең» сөзін «қатар» сөзімен алмастыру – формальды түзету емес, мәндік айқындау. «Тең» ұғымы филологиялық тұрғыдан мәртебелік бірдейлікті, яғни құқықтық және символдық деңгейде айырманың жоқтығын білдіреді. Бұл сөз қолданылған жерде иерархия болмайды, басымдық жойылады. Демек, «ресми тіл тең дәрежеде қолданылады» деген тұжырым мемлекеттік тілдің айрықша мәртебесін кемескі етеді. Ал «қатар» сөзі – ілеспелі, бірге қолдану мағынасын береді. Ол қолданылу мүмкіндігін мойындайды, бірақ теңестіруді талап етпейді» – әлеуметтік желідегі бұл пікір әбден орынды.

Орыс тілінің елдегі қазақтың саны елдегі халықтың 40 пайызын құраған 1995 жылы қазақ тілімен тең қолданылуы қандай табиғи болса, қазақтың саны елдегі халықтың 70 пайызынан астамын құраған 2026 жылы қазақ тілімен қатар қолданылуы – сондай табиғи. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар ресми түрде қолданылатын орыс тілі біздің жалпыұлттық бірлігімізге де берік қызмет ете береді.

Жалпы, біз «жалпыұлттық бірлік» ұғымына қазіргіден де көп көңіл бөлгеніміз жөн. Ел халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган болып табылатын болашақ Қазақстан Халық Кеңесі енді Конституцияда (3-баптың 1-тармағы) кестеленетін осы ұлы идеяны дәйім ту етіп ұстайтыны күмәнсіз. Бір ділділікке, яғни бір жүректілікке, бір тілектілікке жетпеген елді тіпті бір ділділік те, тіпті бір тілділік те сақтап қала алмайды түптің түбінде. Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір қоғам құру, адамдарды жұрттан халыққа, халықтан ұлтқа ұластыратын ұлы үдерістің арқасында ұйысу кез келген мемлекеттің ұдайы ұстанар мұраты болуға тиіс. Ұлт – уақыт пісіп-жетілдіретін ұғым, тарихи категория, баршамызды біріктіретін биік. Мына әлемдегі мемлекеттердің басын қосқан ең мәртебелі ұйымның Біріккен Ұлттар Ұйымы деп аталатыны тіпті де тегін емес. Ұлттар ғана мемлекет құра алады. Ұлттар ғана ел болып тұра алады. Ұлтқа ұйыса алмағандар ұйпаланады. Тарихтың қатал заңы – осы.

Кейінгі жылдардағы өзгерістер ұлт санасына ықпал еткенін, тіпті зор сілкініс әкелгенін Мемлекет басшысы тағы да атап айтты. Сол сілкіністің келісті бір көрінісі – жаңа Конституцияның өмірге келуі.

Кеше «Egemen Qazaqstan» газеті бастаған БАҚ-та жобасы жарияланған жаңа Конституция – кемел келешегіміздің кепілі. Президент 15 наурызға белгілеген республикалық референдумның халық бірлігін тағы да таныта түсетініне, отандастарымыздың Әділет, Заң мен Тәртіп жолын қолдауының айшықты айғағына айналатынына сенеміз. Референдумда белсенділік таныту, азаматтық ұстанымды айқындау, ұлт санасының биіктігін көрсету елдігіміздің үлкен бір сынағы екені естен екі елі шықпаса дейміз. Оң жол тілейміз.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

«Egemen Qazaqstan».



сөздер де тілде табылмайды. Ондай сөздердің біреуін уақыттың елеуші-ақ алып тастайды. Әр сөздің өзінің мағынасы, салмағы, жүгі, реңкі болады. Айталық, орыс тіліндегі «наравне» және «наряду» сөздерінің де ептеген айырмасы бар. Өзіміз көбірек қарайтын Пушкиннен мысал келтірейік. «Конечно, Авдотья Андреевна воспитывала меня наравне с своею племянницею» дегенді «Әрине, Авдотья Андреевна мені өзінің жиенімен тең етіп тәрбиеледі» деп аламыз. «...твердое, мирное единодушие может скоро поставить нас наряду с просвещенными народами Европы» дегенін «...берік, бейбіт бірауыздылық бізді көп ұзамай Еуропаның оқыған халықтарының қатарына қоя алады» деп қазақ-шалаймыз. Сол сияқты «тең» және «қатар» сөздерінің де өзіндік реңкі бары анық.

«Тең» – бірдейліктің, теңбе-теңдіктің, пара-парлықтың белгісі. Жүсіпбек Аймауытұлы «Құның жоқ, қорлықта өшіп ең, Терезең төремен болды тең» дегенде соны айтқан. Қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан қарағанда «теңдік» – тең құқықтылықтың, еркіндіктің, бостандықтың баламасы. Этнографиялық жағынан келсек, «тең» деп түйеге салмағын бірдей етіп буйып-түйетін жүкті де айта береді. Ал «қатар» сөзінде белгілі бір тәртіппен тізілудің реті, тиісті орны деген мағына басымырақ. «Қатарға қосылу», «қатарға тұру», «қатар қону» сөздерінде реттіліктің сарыны сезіледі. Ауыспалы мағынада қолданылғанда «қатар» «маңы, қасы, жаны» ұғымдарын беретіні тағы бар.

15 наурызда ел азаматтары жаңа Конституция жобасына дауыс береді. Осыған байланысты Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекітті. Оған сәйкес, кешеден бастап 14 наурыз сағат 00.00-ге дейін үгіт жүргізуге рұқсат етілді.

## Референдум өткізу жоспары бекітілді

Жиында референдумды ұйымдастырудың негізгі кезеңдері, дауыс беру учаскелерінің дайындығы және азаматтардың қатысуына қолайлы жағдай жасау мәселелері қаралды. Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, «Республикалық референдум туралы» заңның 20 және 21-баптарына сәйкес, референдум тағайындалған сәттен бастап тиісті сайлау комиссиялары референдум комиссияларының функциясын жүзеге асырады. Яғни барлық деңгейдегі комиссиялар референдумды ұйымдастыру, дайындау және өткізу жұмыстарын қамтамасыз етеді.

– Республикалық референдум – халықтың ел дамуына қатысты стратегиялық шешімдерді қабылдау үдерісіне тікелей қатысуын қамтамасыз етеді. Оны ұйымдастыру мен өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен регламенттелген. Аталған заңда азаматтардың референдумға жалпыға бірдей, тең және тікелей қатысу қағидаттары, дауыс берудің жасырын нысаны, сондай-ақ еркін ерік білдіру кепілдіктері нақты бекітілген. Ата заң әрбір азамат үшін айрықша маңызға ие, өйткені осы құжат бүкіл заңнамалық жүйенің, мемлекеттік институттардың және қоғамдық қатынастардың құқықтық негізін айқындайды. Сондай-ақ мемлекеттің және қоғамның орнықты дамуын, құқықтық тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Жаңа Конституция жобасы бойынша түпкілікті шешім қабылдау республикалық референдум аясында азаматтардың ерік білдіруіне ұсынылып отыр. Референдумда «Жобасы БАҚ-та 2026 жылдың 12 ақпанында жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақ қойылады, – деді Н.Әбдіров.

Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман 21 ақпанда аумақтық және учаскелік комиссиялар құрамы, референдум учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтер жарияланатынын айтты. Ал 27 ақпан мен 4 наурыз аралығында

азаматтар дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар етіледі. 12, 13, 14 наурыз күндері учаскелік референдум комиссияларына бюллетеньдер жеткізіледі. Сонымен қатар 14 наурыз күні тыныштық күні болып белгіленді. Бұл күні



үгіт жүргізуге тыйым салынады.

«Дауыс берушілердің қолайлылығы үшін аумақтық референдум комиссиялары өзгеше уақыт белгілемесе, дауыс беру 15 наурыз күні сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін өтеді. Орталық референдум комиссиясының референдум қорытындылары туралы ресми хабарламалары дауыс беру өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей, яғни 21 наурызға дейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Жалпы, референдумды дайындау науқанының ұзақтығы тағайындалған күннен бастап дауыс беру күніне дейін 32 күнге созылады. Әкімдіктер дауыс беру күні белгіленгеннен кейін бірден дауыс берушілердің тізімдерін жасай бастайды», деді М.Ерман.

Сайлаушылар тізіміне 12 416 759 отандасымыз енгізілген, референдум учаскелерінің саны – 10 413. Бұл туралы Орталық референдум комиссиясының отырысында комиссия мүшесі Азамат Айманақұлов айтты.

«Оның ішінде азаматтардың тұрғы-

лықты жері бойынша құрылғандары – 9 779, уақытша болу орындарында құрылғандары – 634. Олардың ішінде 64 шет мемлекетте орналасқан учаскелердің саны – 82. Референдум комиссиялары мүшелерінің саны 71 044 адам.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңның 24-бабының 5-тармағына сәйкес республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізімінің дұрыстығы үшін

жергілікті атқарушы органдарының лауазымды адамдары жауап беретінін ерекше атап өткен жөн. Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімін қалыптастыру жөніндегі жұмыстар «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңға және «Сайлау туралы» конституциялық заңға, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы «Дауыс беру үшін сайлаушылар тізімін қалыптастыру, оларды сайлау комиссияларына ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен реттеледі», деді А.Айманақұлов.

Сонымен қатар жиында азаматтардың референдумға белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту мәселесі сөз болды. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақовтың айтуынша, бұл жұмыстар үгіт-насихат белгілеріне ие болмауға тиіс.

«Нақты айтқанда, референдум мәселесіне қатысты оң немесе теріс көз-

қарасты қалыптастыру, қандай да бір ұстанымды үлгімен жақтап не қарсы дауыс беруге шақыру, сондай-ақ референдумға шығарылған мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктеріне басымдық бере отырып бағалау көзқарастармен қатар жүрмеуі қажет. Референдумның дайындық және өткізу кезеңдерінде үгіт-насихат жүргізу бағыттарындағы БАҚ, онлайн платформалар пайдаланушыларының заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз ету керек», деді Қ.Ысқақов.

Жиын қорытындысында жауапты мемлекеттік органдар мен өңірлік комиссияларға нақты тапсырмалар беріліп, референдумды жоғары деңгейде өткізу міндеті жүктелді. Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумға қатысу тәртібі бойынша үндеу жариялап, азаматтарды 2026 жылғы 15 наурызда өтетін дауыс беруге белсенді қатысуға шақырды.

Отырыстан кейін БАҚ өкілдеріне арналған брифинг ұйымдастырылды. Тілшілердің «Референдумға қанша қаржы жұмсалады?» деген сұрағына Орталық референдум комиссиясының мүшесі Михаил Бортник жауап қатты.

«Қазіргі уақытта смета Қаржы министрлігінің талқылауы мен сараптамасынан өтіп жатыр. Жақында алдағы референдумның нақты шығыстарын айқындайтын цифрді білеміз деп ойлаймын. Референдум өткізуге арналған шығыстардың алдын ала есептеуі 20,8 млрд теңге болған еді. Атап өтерлігі, мұндай қаражат 2026 жылдың республикалық бюджетінде қарастырылмаған. Сондықтан қаражат Үкімет резервінен бөлінеді. Аталған соманың 75 пайызы учаскелік референдум комиссияларының мүшелеріне жалақы төлеуге жұмсалады», деді ол.

Референдумда халықаралық және жергілікті байқаушылардың жұмысын ұйымдастыруға да ерекше назар аударылды. Біздің тарапымыздан қойылған «Қанша халықаралық байқаушы келуі мүмкін және шамамен қай мемлекеттерден шақырылады?» деген сұраққа Нұрлан Әбдіров 30-дан аса мемлекеттегі журналистерге, одан бөлек Орталық сайлау комиссияларының басшыларына, мүшелеріне шақыру жіберілетінін айтты. Қалыптасқан практикаға сәйкес халықаралық ұйымдардың тізімін Сыртқы істер министрлігі пысықтайтынын жеткізді.

Зейін ЕРҒАЛИ.

«Egemen Qazaqstan».

Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 37 жыл толуына орай «Ауған соғысы – жүрек алауы» атты өрлік сағаты ұйымдастырылды. Тағылымды шараның басты

## Ардагерлермен кездесу

мақсаты – Ауған соғысының тарихи шындығын жас ұрпаққа жеткізу, тәуелсіздік пен бейбіт өмірдің қадірін ұғындыру, ел үшін от кешкен азаматтардың ерлігін ұлықтау.



Іс-шараға Ауған соғысының ардагерлері Х.Тұрдалиев, Ю.Каратаев, К.Иристаев, С.Болшановтар, аудандық полиция бөлімінің қызметкері Ю.Анармедов, ішкі істер бөлімі

ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Татыбаев, «Мәуліт» мешітінің имамы Е.Жұпанбаев, аудандық мәдениет үйі мен аудандық жастар ресурстық орталығының қызметкерлері және №8 колледждің студенттері қатысты.

Кездесу барысында ардагерлер Ауған соғысы жылдарындағы естеліктерімен бөлісіп, жат жерде әскери борышын өтеудің қиындығы, қаруластарға деген адалдық пен достық, ерлік пен төзім туралы тебірене әңгімеледі. Олар бейбіт өмірдің бағасын білу, ел тыныштығын сақтау – әр азаматтың қасиетті парызы екенін атап өтті.

Жастар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, еркін пікір алмасты. Ашық пікірлесу жас буынның тарихи санасын қалыптастырып, патриоттық рухын нығайтуға зор ықпал етті.

Шара барысында патриоттық өндер шырқалып, ардагерлерге құрмет көрсетілді.

## «Бір күндік саяхат – мың әсер»

«Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ерекше форматтағы танымдық экскурсия өтті. Ауданымыздағы №2 және №3 мектеп-интернаттарының оқушылары үшін ұйымдастырылған «Бір күндік саяхат – мың әсер» атты игі шара Алатау ауылдық округі аумағында орналасқан «Тау Самалы» демалыс аймағында өткізілді.

Табиғат аясындағы саяхат балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Олар таза ауада серуендеп, табиғаттың көркем көріністерін тамашалап, түрлі ойындар ойнап, шат-шадыман күйге бөленді. Әрбір сәт балалардың жүзіне қуаныш ұялатып, жүректеріне жылулық сыйлады.

Іс-шараның басты мақсаты – балалардың көңіл-күйін көтеру, табиғат аясында мазмұнды демалыс ұйымдастыру, жаңа әсер мен шабыт сыйлау, өмірге деген сенімін нығайту және бірлік пен ынтымаққа баулу болды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар ерекше қолдауды қажет ететін балалардың қоғаммен етене араласуына, әлеуметтік бейімделуіне оң ықпал етеді.

Шараның жоғары деңгейде өтуіне «Тау Самалы» демалыс аймағы демеушілік жасап, қатысушыларға барлық қажетті жағдайды ұсынды. Балаларға арнайы дастархан жайылып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Төлеби өңіріне танымал өнерпаздар қайырымдылық жасап, өз өнерлерін тарту етіп, өннен шашу шашты.

Іс-шараны ұйымдастыруда белсенділік танытқан мектеп ұжымдары мен демалыс аймағы қызметкерлеріне игі іске атсалысқан азаматтарға көрсетілген құрметтің белгісі ретінде аудан әкімінің орынбасары Бағдатбек Пердебайұлының Алғыс хаты табысталды. Экскурсияға қатысқан балалар үшін бұл күн ұмытылмас естелікке айналды. Бір күндік саяхаттың өзі мың түрлі әсер қалдырып, әрбір қатысушының жүрегіне қуаныш пен үміт сыйлады.

«Төлеби-ақпарат».

# Төлебиліктер Өтірхан Шыңғысбаевқа құрмет көрсетті

Өткенге ойша көз жүгіртсек, Төлеби ауданында есімі ауданға, облысқа, қала берді республикаға танымал қазыналы қарияларымызды, олардың жарқын істерін көпшілік үлгі тұтты. Бәрі де қуанышта да, қайғыда да әр шаңырақта болып, дүйім жұрттың ортасынан табылды, ел бірлігі мен ынтымағын ту етіп көтерді. Төле би бабаның жолынан таймауға тырысты десек, асыра айтқандық болмас. Күні кешегідей бәрі де есімізде. Ауданда алғаш рет ардагерлер кеңесі құрылғанда көпшілік дауыспен қарттар ұйымының төрағалығына Ұлы Отан соғысының ардагері Идаят Айтқұлов ағамыз сайланды. Идаят ағаның салып берген сүрлеуін Өбдікөрім Бектаев, одан соң Кенжетай Жолымбеков, ал күні кешеге дейін Өтірхан Шыңғысбаев жалғастырды. Айтпақшы, біздің жоғарыда есімдері аталған қарияларымыз аудан ардагерлеріне басшылық жасап жүрген жылдары, облыс аудандары мен қалаларындағы ардагерлер кеңесінің мүшелері өзара тәжірибе алмасу үшін біздің ауданға арнайы келіп, атқарылған игі істерден үлгі-өнеге алып жүрді. Жоғарыда есімдері аталған қариялардың бәрі де кезінде лауазымды қызметтер атқарып, ауданның ауыл шаруашылығы мен экономикасының дамуына сүбелі үлес қосты.

Өткен жұмада Ленгирдегі «Millenium Palace» мейрамханасында мольнах дастарқан жайылып, төлебилік азаматтар Төлеби ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Түркістан облысының және Төлеби ауданының Құрметті азаматы, бірнеше мемлекеттік наградалық иегері Өтірхан Шыңғысбаевқа құрмет көрсетті.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне қадам басқан Өтірхан ағамыз Бірінші Мамыр ауылдық округіне қарасты Алғабас ауылының тумасы. Кезінде Бірінші Мамыр ауылындағы орта мектепті, Алматыдағы зооветеринариялық институттың ветеринария факультетін бітірген. Жастайынан спортпен шұғылданып, студент кезінде еркін күрестен Қазақстанның чемпионы атанған. Бір сөзбен айтқанда, бұрындары жауырыны жер иіскемеген палуан болған десем, ағамызды асыра мақтағандық болмас.

Өтекең жоғары оқу орнын бітіріп, туған жерге оралған соң, «Совет» колхозында (қазіргі Қаратөбе) бас мал дәрігері болып қызмет атқарып, еңбек жолын аудандағы ең іргелі шаруашылықтардың бірі «Қазығұрт» совхозында бас мал дәрігері болып одан әрі жалғастырды.

Кеңестер Одағы тарап кетудің аз-ақ алдында тұрған жылдары кеңестік саясатта қайта құру мен жариялылық



лебі есіп, «Қазығұрт» совхозының директоры Қамбар Аманқұлов зейнеткерлікке шығып, осы лауазымдық қызметке шаруашылықтың үш бірдей бас маманы өз кандидатурасын ұсынып, жасырын дауыс беру арқылы сайлау өтті. Сайлау алдында сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, марқұм Өбдікөрім Бектаев сөз алып, өз ойын білдірді:

– Құрметті қазығұрттық сайлаушылар! Үш үміткердің үшеуі де мықты. Үшеуіне де сенім артуларыңызға өбден болады. Үш үміткер қай шаруашылықты басқарса да ұршықтай иіріп алып кетеді. Омар Оразымбетов (марқұм) аудандағы ең мықты агрономдардың бірі, Егентай Дәрібаевтың (марқұм) Тәшкен көргені бар, ауласына аяқ бассаң, жасыл желекке оранып, құлпырып тұрғанын көресің. Ал Өтірхан Шыңғысбаев не дегенімізбен де күрескенде жығылып көрмеген палуан ғой, екеуіне қарағанда салмағы басымдау. Қайсысына сенім артсаңыздар да өз қалауларыңызда, – деп айтқаны есімде. Осы сайлауда Ө.Шыңғысбаев көпшілік дауыспен «Қазығұрт» совхозының директоры қызметіне тағайындалды.

Кеңестер Одағы тарағанға дейін Өтекең шаруашылықтың тасын барынша өрге домалатты. Еліміз егемендік алып, жекешелендіру науқаны басталғанда, аудандағы барлық дерлік іргелі ауыл шаруашылығы құрылымдары тарап, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» дегендей заман туғанда бүкіл ауданда екі шаруашылықтың ғана іргесі сөгілмей шыдап бақты. Ол Ө.Шыңғысбаев басшылық жасаған «Қазығұрт» совхозы мен Сатыбалды Халықов басқаратын «Путь Ильича» (қазіргі «Бірлік») колхозы еді. Кейіннен Өтірхан ағамыз аудандық мәслихат сайлауына қатысып, депутат атанып, еңбек жолын аудандық мәслихаттың хатшысы болып одан әрі жалғастырды. Зейнеткерлікке шыққанша халық қалаулысы балып, ауданның қоғамдық-саяси өміріне, ауыл шаруашылығы мен экономикасының дамуына білек сыбана атсалысты. Өтекең шаруашылық басшылығынан кеткен соң, «Қазығұрт» өндірістік кооперативі ұсақ ауыл шаруашылығы құрылымдарына бөлініп, біржолата тарап кетті. Өтекең және елі үшін

қызмет еткен өзге де елге сыйлы ағаларымыз туралы сөз еткенде, өткен өмір жолдары осылайша еріксіз еске түсетіні бар.

Мейрамханада өткен басқосуда алғашқы сөзді Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов алып, бүкіл аудан болып еңбек ардагеріне мұндай құрмет Түркістан облысында ғана емес, бүкіл республикамызда алғаш рет жасалып жатқандығын, бұл төлебилік азаматтардың ауызбірлігі мен ынтымағын, қарияларына деген құрметін паш ететіндігін айта келіп, Өтірхан ағамызға «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Ел ағасы» төсбелгісін, Түркістан облысы әкімі Н.Көшеровтің және облыстық ардагерлер кеңесінің Алғыс хаттарын тапсырып, иығына шапан жапты.

Мейрамханада өткен бұл салтанатты басқосуда жерлесіміз, Қазақстан Республикасы Парламентінің бұрынғы депутаты Сәуірбай Есжанов, ауданға басшылық жасаған Әуелхан Тұрғымбеков, қасқасулық жерлесіміз, Шығыс Қазақстан облысында бірнеше ауданның әкімі қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан Ділдәбек Оразбаев және басқа да есімі елге белгілі тұлғалар жылы лебіздерін білдірді. Өтірхан ағамыздың жары Зияш жеңгемізге де лайықты құрмет көрсетілді.

Аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Қойбағаров осы салтанатты басқосудың ең басты кейіпкері Өтірхан ағамызға аудан азаматтары атынан ыстық ықыласын жеткізіп, аудандық әкімдік пен мәслихаттың марапаттарын табыс етіп, жерлестеріміздің атынан ақбоз ат мінгізіп, мерейін үстем етті.

Салтанатты басқосу әнсіз, жырсız көңілді өткен бе? Аудан өнерпаздары ән шырқап, көпшіліктің көңілін көтерсе, облысқа, қала берді республикаға аты мәлім суырып салма айтыскер ақындар Ақмарал Леубаева, Нұрлан Есенқұлов, Біржан Байтуов арнау жырларын тұрты етті.

Бұл күні төлебиліктер үлкенге құрмет, кішіге ізет қалайша жарасатындығын сөз жүзінде емес, нағыз іс жүзінде дәлелдеп берді.

Аудандық ардагерлер кеңесі конференциясында Өтірхан ағамыздың орнына аудандық ардагерлер кеңесі төрағалығына сайланған Сейітхан Ақтаев бауырымыз да өзінен бұрынғы ағалары бастаған ақ, тұзу, адал, ел қамын ойлаған жолды алға қарай жалғастыра беретіндігіне нық сенімдіміз.

С.ОРЫНБАСАР.

Аудандық орталықтандырылған кітапханада белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің шығармашылығына арналған оқырмандармен кездесу өтті. Бұл басқосуға негізінен жазушының шығармаларын қызыға оқитын кітапқұмарлар қатысты. Атап айтқанда: Қалипа Әлібаева, Қалия Наурызбаева, Нұрсұлтан Төлегенов, Айнұр Мауленова, Ұлбике Көккөзова және де басқа оқырмандар кітапханашылардың құрметті қонағы болды.

Кітапхананың оқу залында өткен оқырмандармен болған бұл игі шараны кітапханашы Әзиза Монтаева ашып, жүргізіп отырды.

Кітапханашы: – Қайырлы күн құрметті оқырмандар! Бүгін өздеріңізбен қазақ әдебиетінде өзіндік салмақты орны бар, есімі оқырман қауымға кеңінен танымал, көптеген көркем шығармаларды өмірге әкелген жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің шығармашылығына арналған «Қаламымен өмір кешкен тағдыр» атты кітап оқу сағатын өткізгілі отырмыз. Қош келді-ңіздер!

Жазушының кітаптары қолдан қолға өтіп, әдебиетсүйер қауымды жаңа туындылары асыға күттіреді. Өрелі оқырманның барлығы да жазушының есімімен, оның шығармасындағы кейіпкерлерімен етене таныс. Ерекше қабілетімен даралана білген жазушы бүгінге дейін бірнеше шоқтығы биік үниерлерді әдебиет айдынына қосты. Елге сіңірген еңбегіне орай Бексұлтан Нұржекеев ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Халықаралық «Алаш» және М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

Бүгінгі кешке қатысып отырғандар кітапхананың тұрақты оқырмандары, көп

жылдан бері кітап оқып, кейінгі ұрпаққа өнеге көрсетіп келе жатқан жандар. Бүгінгі іс-шараға негізінен зейнеткер оқырмандарымыз келіп, Б.Нұржекеевтің шығармаларынан алған есерлері жайлы

## Қаламымен өмір кешкен тағдыр

айтып, өз ойларын ортаға салмақ. Олай болса жазушының өмірбаянымен қысқаша танысып алсақ, сосын сөз кезегін өздеріңізге береміз, – деді Ә.Монтаева.

Кездесуге келген оқырмандар өз ойларын былайша білдірді:

Нұржекеев ер мен әйел арасындағы нәзік сезімді өдемі жеткізуші. Ол өзінің бір сұхбатында шығармашылығының біраз бөлігін махаббат тақырыбына арнаған себебін – әйелдерді жақсы көретіндігімен түсіндіреді. Махаббат әйелдерге тікелей қатысты екенін айта келе, нағыз өдеміліктің белгісі, деп әйелді таниды.

Жазушы Дулат Исабеков Нұржекеевтің махаббат тақырыбында, қыздар тақырыбында алғашқы шығармалары жарық көре бастағанда, барлық нәзік жандылар сүйіп оқып, тіпті ұзатылатын қыздың жасауына да сол кітаптарды қосқанын айтады. Сонымен қоса, Бексұлтан «Керістің қызы» туындысы талай жанның жүрегіне терең бойлап, сүйсініп оқитын шығармаларының біріне айналғаны туралы жазады. «Адам жанының ерекше суреткері, әйел жанын терең зерттеп, жазушыны Ги де Мопассанға ұқсатып жататыны тегін емес. Менің ойымша, Бексұлтан махаббат деген ұлы сезімге өз қаламымен ескерткіш орнатқан адам», – дейді Дулат Исабеков.

Нұржекеевтің шығармаларынан Өтіке секілді әншіні оқимыз. Жазушы ешқашан туындыларына жалған кейіпкерлерді

алмаған. Ал Өтіке деп отырғанымыз, батыр Өптіке мен Өсеттің қосынды тағдырынан туған кейіпкер. Жазушы көпжылдар бойы Өсет Найманбайұлының ғұмырын зерттеген.

Жұрт Бексұлтаннның әншілігі де барын айтады. Ол әдетте дәстүрлі әндерді ыңылдап жүреді екен. Ән иірімдерін жанымен түсініп, жүрегімен қабылдайды. Жүрегі ән өрнегін терең талдай білетін жанның «Бар көрнеу» секілді керемет әні де бар.

«Әнді шығарайын деген мақсатым болмайды, ыңылдап жүрсең өзі келе қалады», – дейді іжазушы бір сұхбатында. Жасы 75-ке келгенде «Әй, дүние-ай!» деген тағы бір әнді дүниеге әкелген. Екі әнді де Нұржан Жанпейісов орындап жүр. Жазушы өмір бойы тіл тазалығы, өсіресе үндестік заңын сақтап, айтып-жазу мәселелеріне ондаған мақала жазды. Оның шығармаларынан стильдік қателер кездестірмейсіз. Себебі, өзі нағыз тіл әдебиеті маманы.

Филология факультетін аяқтағаннан соң, 1965 жылдың 5 қыркүйегінде Жаркент қаласындағы Үшарал ауылына мұғалім болып жұмысқа тұрдым», – дейді жазушы. 1960 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1965 жылы тәмамдайды. Ал өзі айтқан Үшарал ауылындағы Тышқанбаев мектебінде 1968 жылға дейін қызмет етіп, шәкірт тәрбиеледі. Осында жүріп, «Күнәлі махаббатты» (кейін атауы «Кінәлі махаббат» боп өзгертілген) жазады. Өзінің айтуынша, повесті 12 беттік 8 дәптерге жазып шыққан.

Жазушы шығармалары туралы сөз етсек: «Күйтолғақ» (әңгімелер мен повестер) 1972, «Күтпен өткен ғұмыр», (әңгімелер мен повестер) 1974, «Бір ғана махаббат» (әңгімелер мен повестер) 1982, «Өзендер өрнектеген өлке» (тарихи-этнографиялық эссе) 1984, «Ерлі-зайыптылар» (роман) 1987, «Жау жағадан алғанда» (роман) 1993, «Әйел жолы – жіңішке» (әңгімелер мен повестер) 1998, «Ой ұшқын» 2003.

«Өзендер өрнектеген өлке» 13 томды шығармалар жинағы (2014); «Әй, дүние-ай!» романы (2015).

– «Бір өкініш, бір үміт» шығармасында өзі туралы, ата-әжесі мен ата-анасы туралы жазады. Жазушы бір сұхбатында: «Нұржекеені Нұржан деп алдым бе екен? Ұмытып қалдым. Жәмиға деген менің шешем. Ал Шейза деген кейіпкердің атын аздап өзгерте қойсаң, Аязша шыға келеді. Ол – үйдегі апайың», – дейді. Тағы бір сұхбатында өзіне қойған тілшінің «Шығармаларыңызда көптеген кейіпкерлер өзіңіздің прототипіңіз дейді. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады?», – деп сұрайды. Оған жазушы «Жүз пайыз сәйкес келеді», – дейді. Міне, құрметті оқырмандар, ендігі кезекті өздеріңізге берейік. Б.Нұржекеевтің кітабын оқығандарыңыз болса, өз ойларымызды ортаға сала отырайық, – деді Ә.Монтаева. Бұдан соң оқырмандар Б.Нұржекеевтің әңгімелері мен повестерінен, романдарынан алған есерлерін айтып, жазушы шығармаларынан үзінділер оқып берді.

Р.ӘБДІРАХМАНОВА,  
аудандық орталықтандырылған  
кітапхананың кітапханаларды  
дамыту бөлімінің меңгерушісі.

Майданда сұрапыл соғыс жүріп жатқан шақ. Ер мұғалімдер майданға аттанып, ауылда балаларды оқытатын адам қалмады. Балалар үзіп-созып бастауыш мектепті бітірген. Оқушылардың жазғы демалысқа шыққан күні бригадир Тұрғынбай қара кер атын сабалап, мектепке шауып келді. Мұғалімі балаларды қатарға тұрғызған. Бригадир қамшымен батыс жақты нұсқап:

– Ер азаматтардың бәрі майданда сұм жаумен айқасып жатыр. Олардың орнын басатын енді сендерсіңдер, балалар. Майдандағы жауынгерлерге азық-түлік, жылы киім керек. Оларды дайындайтын біздерміз. Сондықтан бұл іске әрқайсымыз үлес қосуымыз керек, – деді қарлығыңқы даусымен айқайлап. Біраз бөгеліп қалды да:

– Бүгін көрпе-төсектеріңді дайындап, ертең дәл осында жиналыңдар. «Ақсай» бөлімшесіндегі дала қосында жатып, малға азық дайындаймыз, – деп алдағы атқарылатын жұмысты түсіндірді.

Қандай жағдай болса да, колхоздың жұмысы бірінші орындалуы тиіс. Жұмыс істеген балаларға науқан біткен кезде, бір арба шөп түсіріп беруге бригадир уәде берген. Осындағы жан бағып отырған он шақты ұсақ малы мен бірер ірі қараның бетіне қарап отырған ауыл адамдары сосын да қарсы келе алмады. Ертеңіне балалармен бірге Асылбек те көрпе-төсегі мен киім-кешегі салынған қапшықты арқалап мектепке келді. Балалардың бәрі жиналып қалыпты.

Бригадир өзі бастап балаларды Ақсайға алып жүрді. Асылбектің бойы аласа болғандықтан, қыздармен бірге шөмеле салуға бөлінді. Ересек балалар өгіз арбамен іскіртке шөп таситын болды. Балалар келе сала, қызу еңбекке кірісіп кетті.

Тұрғынбай бригадир жайшылықта қатал болғанмен, балалардың тілін таба білетін адам екен. Алма, өрік, қауын-қарбыз піскен кезде, көрші өзбек ауылынан әкеліп үйіп тастайды. Айына бір-екі рет кино көрсетеді. Жуынып-шайынып, киімдерін жуғызып келуге 1-2 күнге жұмыстан босатады. Балалар соған мез болып, өздеріне берілген тапсырманы мүлтіксіз орындауға тырысады. Тапсырма орындалмай қалған күндері бригадир дала қосына қона жатып, түнде оларға ертегі, қызықты әңгімелер айтып береді.

Асылбек шөп жинау науқаны біткен соң, егін орағы кезінде қырманда тоқылдақ таспен астық бастыруға, қырман тазалауға ауыстырылды.

Жаңа оқу жылы басталатын уақыт та келіп жетті. Орта мектеп ауылдан шалғайда болғандықтан, Асылбек оған барып оқуға жағдайы келмеді. Өзімен бастауышты бітірген балалардың бәрі оқуға бара алмады. Содан кейін колхоздың қара жұмысына жегілді. Бригадир қайда жұмсаса, сонда жұмыс істеді.

Соғыс жеңіспен аяқталып, аман қалған ер азаматтар елге орала бастады. Бірақ көбісі ақсақ-тоқсақ, мүгедек жандар еді. Ауыр жұмысқа жарамады. Колхоздың жұмысы балалардың мойнына артылды. Бірте-бірте ауылдың тұрмысы жақсара бастады. Ауылға техника келе бастады. Ауыр жұмыстар техника күшімен атқарылды. Бұл кезде Асылбектің бұғанасы қатып, еңбекке шынығып, зіңгіттей жігіт болып қалған еді. Асылбектің мамандық алуға ықпалы ауып, колхоз бастығының қабылдауына кіріп:

– Аға, мені шоферлік курсыңа жіберіңізші. Мамандық алайын, – деп өтінішін айтты.

Бастық Асылбектің жұмысқа тындырымдылығын байқап жүретін. Оның ұсынысын құп көріп, курсқа жібермекші болды. Осы сәтте бригадир Тұрғынбай есікті жұлқи ашып, кабинетке кіріп келді. Оның мұнда екенін қайдан естігенін білмейді.

– Бұл баланы оқуға жібермеймін. Маған жұмыс істейтін адам керек. Бұл болмаса, колхоздың жұмысы қараң қалады, – деп қасарысып тұрып алды. Асылбек мамандық алудан осылай қағылып еді.

Тұрғынбай бригадир зейнеткерлікке шыққанша, Асылбекті ұсынып ұстап, одан айырылмады. Жасы ұлғая келе, Асылбектің қолынан күш кетіп, қажы бастады. Қажыған күндері оңашада Абайдың «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», Ыбырай атаның «Оқымаған жүреді, қараңғыда қармалап» деген даналық сөздерін еске алып, мағынасын түсінгендей болады. Қиындыққа мойымай, уақытында білім алу керек еді... енді бәрі кеш деп өкінді.

Осылайша жүріп, отбасын құратын мезгіл келді. Әйелі қара домалақ балалардың бірнешеуін дүниеге әкелді. Балалары мектеп жасына жетіп, баяғы өзі оқыған бастауышта оқи бастады. «Қолым қысқа болып, ұзап оқи алмап едім. Енді қалайда балаларымды оқытуым керек», – деп алдына серт қойды. Алайда халықтың тұрмыс-жағдайы оңалса да, ауылдан мектеп салынбады. Балалар баяғы өзі оқыған қоржын тамда оқып, бастауышты бітірген соң 6-7 шақырым жердегі орталықтағы орта мектепке қатынап оқыды. Бұл балаларға әсіресе жауын-шашынды күндерде, қыс мезгілінде қиынға соқты. Қыста талай рет құтырған иттерге таланды, қасқырларға кезікті. Бұл Асылбектің арқасын аяздай қарыды. Анда-санда ауылға жиын өткізуге келген аудан өкілдеріне:

– Ауылға жаңа мектеп үйін салып беріңдер. Балаларымыз 40 жыл бұрынғы мектепте оқып, қор болып жүр, – деп талай рет ұсынысын айтып жүрді. Бірақ басшылар оның шағымын жүре тыңдады.

Асылбек зейнеткерлікке шықты. Енді алды-артын бағамдайтын жасқа жетті. Ендігі өмірін ауылдан мектеп салдыруға, орта мектеп ашуға арнауға бел байлады.

Ақпан айының соңы. Ауа райы күрт жылынып кетті. Қыстай мұз құрсаңған Балдыберек өзенінің мұзы еріп, арнасын бұзып кетті. Балалар бұл кезде екінші ауысымда оқитын. Сабақтан қайтарда өзеннің өткелі бұлқан-талқаны шығып, арнасынан асып жатыр. Айналып өтуге көпір жоқ. Балалар жағада иіріліп, шулап қалды. Ересек балалар арғы бетке қарғып, амалдап өтіп жатыр. Төменгі сынып оқушыларына қиын болды. Олар да секіріп өтеміз деп, кейбірі суға құлап түсті. Олардың ішінде Асылбектің баласы Айдарбек те бар еді. Оның ағып бара жатқанын байқап, жоғары сынып оқушылары құтқарып қалды. Сол

кезде күн де кешкіріп, аяз қатая түсті. Айдарбектің киімдері үйге жеткенше, қаудырлап қатып қалды. Тоңып үйге өрең жетті. Анасы көріп:

## Болашақ қамы

(Әңгіме)

– Әй, не болған саған? Суға түсіп кеткенсің бе?! – деп баласын тез шешіндіріп, жылы төсекке жатқызды.

Сол күні баланың ыстығы көтеріліп, түнімен санды-рақтап шықты. Ертеңіне Асылбек баласын ауруханаға жатқызды. Бала 2 аптадай жатып шықты. Осы оқиғадан кейін Асылбек ауылдан мектеп салдыру ісіне біржолата кірісті.

Бірде колхозға жаңа бастық сайланды. Ол тек шаруашылық мәселесімен ғана айналыспай, елді мекендердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелеріне де көңіл бөлді. Бірер жылда балабақша, клуб, медпункт салдырды. Асылбек ауыл қарияларын жиып, бастықтың қабылдауына кіріп, ауылдағы мектептің жағдайын айтып, жаңа мектеп салып беруін өтінді.

– Біз де қарап отырмаспыз. Тал-терек, адам күші жағынан көмек берерміз, – десті олар.

Бастық бұл мәселе жөнінде біраз күн ойланып, бұл істі қолға алуға уәдесін берді. Көктем шыға, мектеп құрылысы басталды. Көрші өзбек ауылдарынан мердігер жалдап, кірпішін құйдырды. Асылбек мектеп құрылысы жобасымен танысты. Он бөлмеден тұрады екен. Прорабқа айтып, қосымша мұғалімдер бөлмесін, спортзал, асхана, шаруашылық бөлмесі, отынхана қостырды.

– Мектеп үйінің кең болғаны жақсы. Келешекте халық саны өседі, – деді ол прорабқа.

Келесі жаңа оқу жылында мектеп құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ауыл тұрғындары қуанып қалды. Асылбек те бір істің сәтімен біткеніне шүкіршілік қылды.

Бірде Асылбек құдайы шайға көршілерін, ауыл ардагерлерін шақырды. Ас желініп біткен соң көптен көкейінде жүрген ойды ортаға салды.

– Көптің көмегімен ауылымызға жаңа мектеп салдырып алдық. Балаларымыз кең, жарық бөлмеде білім алуда. Дегенмен, жоғары сыныпта оқитын оқушыларымыз шалғайдағы мектепте оқып, қиналып жүргенін бәріміз білеміз, – деп барып тоқталды.

Жиналғандар бұл не айтпақшы болды деп бір-біріне қарасты. Бір қария:

– Өзіңнің не ойың бар? Ойың болса, жасырма. Дұрыс болса, қолдаймыз, – деді.

– Ойымды айтар болсам, мынадай: Үйде қол қусырып отырмайық. Жаңа мектебіміздің бөлмелері жеткілікті. Орта мектеп ашуға толық жетеді. Ойымызды жоғары орындарға жеткізейік, – деп ойын ашып салды.

– Жергілікті басшылар тыңдамаса, арызымызды одан жоғары орындарға жеткізейік. «Жатқанға жан жуымас», «Түйеге жантақ керек болса, мойнын созады», деген аталарымыз.

Ойласа келе, жоғары орындарға ауылдың мұң-мұқтажын жеткізетін адамдардың тізіміне келісті.

Асылбек жиын соңында: – Осында Жүсіп аға отыр. Ол кісіні де қатарға қосып алайық. Соғыс офицері, талай орден, медаль алған. Орысшаға судай. Біз орысша ойымызды жеткізе алмасақ, осы кісі жеткізіп беретін болады, – деп ұсыныс тастады. Жұрт оны құптады.

Арызды осы ауылдың тумасы, ауылда орта мектеп болмағандықтан, көрші мектепте мұғалім болып істеп жүрген ҚазГУ-дың түлегі Бекболатқа қатырып жаздырып алды.

Асылбектің жүгері звено жетекшісі болып мол өнім алғаны үшін сыйлыққа «Жигули» автокөлігін алғаны бар. Төрт ардагерді машинаға отырғызып алып, тиісті орындарға тасымалдады. Алдыңғы орынға соғыста контузия алып, бір аяғы бүгілмейтін, таяқпен жүретін Жүсіпті отырғызып алады. Тамақтары да оның мойнында. Жол жүрерде ардагерлерге:

– Орден, медальдарыңды тағып алыңдар. Қазір адамды жасына қарап емес, кеудесіндегі салпыншақтарына қарап сыйлайтын болды ғой, – деп пысықтап алады.

Әуелі «жорықты» аупарткомнан бастады. Аупартком хатшысы орыс азаматы Рябцов деген. Қазақша қақпайды. Кабинетіне киіп-жарып барғандарын жақтырмады.

– Неге жүрсіңдер? Тез айтыңдар арыздарыңды, асығыспын. Обкомға бара жатырмын, – деп зіркілдеді.

– Міне, арызымыз. Осында ауылдың мұң-мұқтажы жазылған. Бастауыш мектепті жеті жылдық етіп ашып беріңдер. Балаларымыз шалғайдағы мектепте оқып, қиналып жүр, – деді Асылбек келген жұмыстарын баяндап.

Райком хатшысы: – Ол ауылдың перспективасы жоқ. Небәрі 70-80 үй тұрады. Үкіметтің қаулысы бойынша шағын ауылдарды біріктіру керек деген. Сондықтан аша алмаймыз, – деп жауап берді.

Бұлардың арызын хатшының немқұрайды тыңдағанына Жүсіптің жүйкесі қозып кетті ме, дүрсе қоя берді:

– Ты, молокосос, когда ты родился, я воевал. Почему ты не слушаешь жалобы ветеранов, – деп столды таяғының ұшымен түртіп қалды. Столда жатқан қағаз, қалам жан-жаққа ұшып кетті. Хатшы селк ете қалды. Біраз бөгеліп барып:

– Мектеп ашуға бала саны жетпейді, – деп сылтауратты. – Тогда мы пойдем в высший орган. Не обижайся, – деді де Жүсіп орнынан тұра берді. Басқалар да соңынан ілесті.

Енді ардагерлер обкомға баруға жиналды. Обкомның кіре берісінде бұларды кезекші милиционер ішке кіргізбей тұр еді. Жүсіп оны таяғымен жасқап:

– Жол бер! Біз шпион емеспіз. Арызымызды айтқалы келдік.

Серіктеріне:

– Кіре беріңдер, – деді жол көрсетіп.

Обком хатшысы орта бойлы, нығыз денелі кісі екен. Бұларды орнынан тұрып қарсы алды.

– Қандай шаруамен жүрсіңдер? – деді ардагерлер орындыққа жайғасқан соң.

Асылбек келген шаруасын айтты. Ардагерлерді тыңдап болғаннан кейін, обком хатшысы аудан хатшысына телефон шалып, мән-жайды білді. Оның пікірін сұрады. Содан кейін:

– Алдағы уақытта мектеп ашу мәселесін қарастырамыз. Назарымызда болады, – деп ардагерлерді шығарып салды. Нақты шешімін айтпады.

Ардагерлер біраз күннен кейін қайта жиналды. Асылбек: – Бәрі бір арызқой атандық. «Шешінген судан тайынбас» деген, бастаған істі аяғына дейін апарайық. Енді бір жол қалды. Ол – Алматы. Соған барайық. Үнжұрғаларың түспесін, – деп ардагерлерді жігерлендіріп қойды.

Олар осылай мектеп аша алмай, 3 жыл сенделіп жүрді.

– Бұл істен ештеме шықпайды. Босқа әуре боп жүрміз, – деп кейбір ардагерлер бұл істен тартынды да. Ауылда оларды табалаушылар да табылды.

– Қойсаңдаршы, бұл тірліктеріңнен ештеме шықпайды. Сендердің кесірлеріңнен арызқой ауыл атандық, – деп оларды жазғырды.

Асылбектің әйелі де шай үстінде:

– Отағасы, саған не жетпейді? Арызқой атанып қартайғанда. Басқа шалдар сияқты үйде тыныш отыра бермейсің бе? – деп бұрқылдады.

– Әй, мен сонда қара басымның пайдасы үшін жүрмін бе шапқылап? Елдің балаларының қамы үшін жүрмін. Өзім де кезінде ауылда мектеп болмай, ұзап оқи алмадым. Біз оқымасқа та, елдің балалары оқысын, білім алсын. Қор болмасын. Біз тартқан азапты олар көрмесін, – деп әйеліне түсіндіріп қалды.

Бірде ардагерлер бас қосқанда, біреуі:

– Мектеп ашу үшін бармаған жеріміз, ашпаған есігіміз қалмады. Барған жеріміздің бәрі азар да безер болады. Енді ардагерлердің мәселесі бойынша жүрміз деп айтайық, – деп өз пікірін айтты.

– Бұл үшін ауылдағы Батыр ана Күмісайды қатарымызға қосып алайық.

Білетіндердің айтуынша, Орталық Комитет хатшысы қабылдауына кіру үшін алдын-ала тіркелу керек екен. Осыны есітіп, Асылбек Жүсіп ағаны ертіп алып, Орталық Комитетке тіркеліп қайтты. Қараша айында шақыратын болды.

Орталық Комитет хатшысы қабылдауына кірген ардагерлерге:

– Сіздердің не айтатындарыңызды біліп тұрмын. Шындығын айтыңыздар, жасырмаңыздар, – деді олардың ішкі ойын білгендей.

Сонда Батыр ана:

– Жоғары орындарға арызданып жүргенімізге, міне, 3 жыл болды, арызымыз 3 том болды. Мұң-мұқтажымызды ешкімге тыңдата алмадық. Басшылар бір-біріне сілтейді. Болмаған соң, сізге келдік, – деп мәселені айтып берді.

Тыңдап болған хатшы:

– Қазір тиісті орындарға тапсырма беремін. Мектеп асылатын болады. Өуре болмай, қайта беріңіздер. Хабар езімізден болады, – деді хатшы әңгімені көп созбай. Ардагерлер хатшы кабинетінен қуанып шықты.

Сол жолы Алматыда қараша айы жамандық шақырғандай түнеріп тұрды. Алатаудың басын қорғасындай қара бұлттар қаптап, еңсені басады. Құздың қарғалар топ-топ боп ұшып, қарқылдап әр ағаштың басына қонады. Төңіректі даңғазға қылып жібереді.

Орталық Комитеттен хабар кешеуілдеді. Орталық Комитет те жергілікті басшылар секілді бізді алдап шығарып салды ма деп ардагерлер уайымдап жүрді. Үміттерін үзе бастады. Арада желтоқсан оқиғасы дүркіреп өтті. Желтоқсан дүбірі басылғандай да болды. Осындай шақта обкомның хатшысы тура Асылбектің үйіне келді.

– Жүріңіз. Мектептің лентасын қияйық, – деп Асылбекті қасына ертіп алды.

Ауыл адамдары да мектепке жиналып қалыпты. Жұрт абыр-сабыр. Жиынды обком хатшысы ашып:

– Бүгіннен бастап мектептеріңіз орта мектеп болады. Мектепті мұғалімдермен жасақтау, материалдық базасын жабдықтау аудан басшыларына жүктеледі. Біз мектеп болғандарыңыз құтты болсын! Білім ошағынан білімді азаматтар шыға берсін! – деп құттықтау сөз сөйледі. Мектептің лентасын обком хатшысы, Асылбек және Жүсіп киді.

Асылбек сенер-сенбесін білмеді. Бәрі көрген түстей көрінді. Мектепті ашу үшін қаншама жүгірді. Қаншама басшылардың есігін қақты. «Осы ісімізден нәтиже шыға ма, шықпай ма, жұртқа күлік боламыз ба?» – деп күйзелген кездері де болды. Бәрі сәтімен аяқталды. Бастауыш мектеп директоры уақытша орта мектеп директоры боп тағайындалды.

Оқу бөлімі біразға дейін мектепті жаңа мұғалімдермен қамтамасыз етпей жүрді. Бұрынғы бастауыш мұғалімдері сабақ беріп жүрді. Мектептің болашағына алаңдаған Асылбек байыз тауып отыра алмады. Қайта-қайта оқу бөліміне барып, жаңа мұғалім жіберуін сұранды.

– Бала саны жеткіліксіз. Жүктеме аз болып, мұғалімдер бұл мектепке барғысы келмейді, – деген жауап естіді. Амалы таусылған Асылбек:

– Мұғалім жібермесен, кабинетіңнен шықпаймын, – деді наразылығын білдіріп.

Жаңа оқу жылы басталар алдында оқу бөлімі жаңадан жоғары оқу орнын бітірген 5-6 мұғалім қыздарды жіберді. Жастардың келуіне байланысты мектепте оқу-тәрбие жұмысы жанданды. Түрлі іс-шаралар өтетін болды. Мектепте тіршілік қайнады. Ауылдың жігіттері мұғалім қыздарды жағалайтын болды. Уақытша жұмыс істейміз деп келген қыздар ауыл жігіттерімен танысып, отбасын құрды. Ауылда біржолата қалып қойды.

Жапония мемлекетінде жыл сайын дестүрлі түрде ұйымдастырылатын JQA International Environmental

## ● Бәрекедді!

## Халықаралық байқау жеңімпазы

Children's Drawing Contest халықаралық балалар сурет байқауында Қазақстан намысын қорғаған жас суретшілер жоғары нәтиже көрсетті. Бұл беделді өнер додасы әлемнің ондаған елінен келген



дарынды балалардың басын қосып, олардың қоршаған ортаға деген жанашыр көзқарасын, табиғатты қорғау идеяларын өнер тілі арқылы жеткізуге бағытталған.

Биылғы байқауда еліміздің атынан қатысқан үміткерлер арасынан 15 жастағы Тастанова Мөлдір жүлделі орын иеленіп, жеңімпаздар қатарынан көрінді. Оның шығармашылық жұмысы экологиялық тақырыпты терең мазмұнда, ерекше көркемдік шешіммен және шебер композициялық құрылыммен бейнелей алғаны үшін халықаралық қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Тастанова Мөлдір – Төлеби балалар көркемсурет мектебінің талантты шәкірті. Жас суретшінің шығармашылық ізденісіне бағытбағдар беріп жүрген жетекшісі – бейнелеу өнері және көркем еңбек пенінің мұғалімі Биболова Ботагөз. Ұстаз бен шәкірттің жүйелі еңбегінің нәтижесінде қол жеткізілген бұл жетістік – тек бір оқушының ғана емес, сонымен бірге өңірдегі қосымша білім беру саласының, соның ішінде аудандық көркемсурет мектебінің және жас ұрпақтың экологиялық мәдениетінің жоғары деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш.



Халықаралық деңгейдегі осындай байқаулар жас дарындардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың дүниетанымын кеңейтіп, әлемдік мәдени кеңістікке еркін енуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл – қазақстандық оқушылардың өнер саласындағы әлеуетінің зор екенін дәлелдейтін жарқын мысал.

Жеңімпаз оқушы мен ұстазын осы жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да жаңа белестерді бағындырып, ел мерейін үстем ете беруіне тілектестік білдіреміз.

«Төлеби-ақпарат».

## Жарамсыз деп табылсын

Суюн Ерболат Жупарбекұлына 2025 жылғы 20 қаңтарда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №058661271 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

\*\*\*

Мирталиева Санобар Гайбджановнаға 2023 жылғы 16 тамызда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №054182153 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖШС ДИРЕКТОРЫ –  
БАС РЕДАКТОР  
РАХМАНҚҰЛОВ  
Әбдімәлік  
Түймебекұлы  
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары  
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)  
8-706-413-11-56.  
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА  
(өлеумет, бұқарамен байланыс)  
6-23-23, 8-702-494-81-71  
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА  
8-705-887-51-61.  
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА  
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші  
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.  
Баспахананың мекенжайы:  
Шымкент қаласы,  
Төшенов көшесі, №24 үй.  
Газетке жазылу индексі 66744  
Таралымы 2644 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.

## Облыста аудан намысын қорғайды

## ● Спорт

Бірінші Мамыр ауылындағы спорт кешенінде волейболдан аудан біріншілігі мәреге жетті. Тасарық ауылдық округінің намысын қорғап, ақтық сында қарсыластарын тізе бүктірген

Т.Тоғысбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушылары жақсы ойын өрнегін көрсетіп, чемпион атанды.

Тасарықтықтардың намысын Дидар Тұрсынбай, Ердаулет Каналбек, Айболат Амангелді, Шоқан Уәлиханұлы, Мадияр Тұрсынбай қорғады.

Жарысқа қатысқан спортшылар арасында Дидар Тұрсынбай «Ең үздік волейболшы» атанып, арнайы сыйлыққа ие болды.

Волейболдан өткен аудан біріншілігіне қатысқан осы мектептің қыздар командасы да намысты қолдан бермей, жеңімпаз атанды. Енді алдағы күндерде облыста өтетін біріншілікте тасарықтық спортшылар аудан намысын қорғайды.

Волейболшыларды жарысқа жаттықтырушы Ерлан Есенбаев баптап алып барды.

С.ҚОНЫСБАЕВ.



## ● Еңбек адамы – қоғамның басты байлығы

Аяулым Әбдікерім Бір-көліктегі сауықтыру-оңалту орталығы 2-корпусының тазалықшысы болып жұмыс істейді. Ол өзіне берілген міндетті әрдайым тиянақты, ұқыпты орындап, тазалықтың сақталуына, емделушілердің көңілінен шығуға тырысады.

Өткен жыл оңалту орталығында емделіп демалғанымда, Аяулым 2-қабаттың тазалықшысы болып жұмыс істейтін. Ондағы емделушілердің алғысына бөленіп жүргенін байқағанмын. Ал биыл оны 1-қабатқа ауыстырыпты. Өйткені 1-қабатта емделіп демалушылар келіп-кетушілер көп болады. Сондықтан оны осы бір жауапты жұмысты сеніп тапсырыпты.

– Менің міндетім, – дейді Аяулым: – емделушілердің жатын бөлмелері мен дәліздің тазалығын сақтап, олардың алаңсыз демалуына жағдай жасау. Бұл корпуста кілең күрделі аурулар: инфаркт, инсульт алғандар, нерв жүйесі бұзылғандар, мүгедек жандар, өздігінен жүріп тұруы қиын емделушілер жатады. Кейбіреулері өз беттерінше қимылдап, әрекет етуге жарамайды. Сондықтан оларға көмектесуге, етініштерін орындауға қолғабысымды аямаймын, – дейді тазалықшы.

Сауықтыру кешенінде 60 шақты тазалықшы жұмыс істейді. Олар – «Тазалық – денсаулық кепілі» екенін жақсы түсініп, өз міндеттеріне жауапты қарайды. Мекеме басшылары олардың еңбегін бағалап отырады. Былтырғы медицина қызметкерлері күнінде бір топ таза-

## Тазалықшы



лықшы, оның ішінде Аяулым да бар. Әкімшіліктің құрмет грамотасымен марапатталып, арнайы сыйлыққа ие болды.

– Бұл – мен үшін үлкен құрмет. Алдағы уақытта міндетімді мінсіз атқаруға күш-қуат береді, – дейді риза болып.

Әңгіме барысында Аяулымның еңбек жолымен, отбасы жағдайымен де таныстым. Ол оңалту-сауықтыру кешенінде 2016 жылдан бері жұмыс істейді екен. Содан бері өзіне жүктелген тапсырманы адал атқарып, өз ұжымының құрметіне ие болып келеді.

Аяулым Әбдікерім – Қазығұрт ауданының қызы. Сондағы Айнатас орта мектебінің 9-сыныбын бітірген соң, Шымкенттегі «Мирас» колледжіне ақылы оқуға түсіпті. Алайда отбасылық жағдайына байланысты ары қарай оқуын жалғастыра алмапты. 2012 жылы төлебилік, Бірінші Мамыр елді мекенінің тұрғыны Біржан Құттыбаев деген азаматқа тұрмысқа шығады. Біржан 1 Мамыр орта

мектебінде дене шынықтыру сабағынан сабақ береді. Екеуі 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсіріп отыр. Ата-енелерімен бірге тұрады.

– Күні бойы жұмыста жүремін. Олар болмаса, жұмыс істей алар ма едім? Ата-енемнің бағыттауымен балаларым дұрыс тәрбие алып, өсіп келеді, – дейді Аяулым.

Білетіндер осы үйдің балаларын кез келген жұмыстан қашпайтын еңбекқор, тындырымды, қайырымды деп бағалайды. Сабақтары да жақсы екен. Қайынатасы мен енесінің екеуі де зейнеткер. Енесі Бағила Құттыбаева немерелерінің тәрбиесіне мән беріп, отбасының берекесін арттырып отырған ақ жаулықты ана. Ал қайынатасы Нұрлан Құттыбаев совхоздың тұсында білікті темір ұстасы болыпты. Уақытысында бұзылған техникалардың бөлшектерін дер кезінде дайындап беріп отырған. Сол өнерін зейнетке шықса да тастамаған. Үйінде дүкен бар. Тұрмыстық бұйымдар, ат-әбзелдерін, техниканың бөлшектерін жасайды. Оның жасаған бұйымдарын жұрт өздері келіп алып кетеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Таза Қазақстан» акциясын жариялап, табиғатты аялауға, өскен ортамызды, туған жерімізді таза сақтауға көркейтуге шақырды. Онсыз өркениетті ел бола алмайтынымызды айтты. Міне, Аяулым Әбдікерім секілді қарапайым еңбек адамдары тазалықты сақтап, елімізді көркейтуге өз еңбегімен атсалысып келеді.

Е.КӨШКІН.

Бірінші Мамыр жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің ән және музыка пәнінің мұғалімі Жолдасова Толқын Бегланқызына әкесі **МАДИЯРҰЛЫ Бегланның** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Қасқасу шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің техникалық қызметкері Сегізбаев Керімжанға анасы **СЕГІЗБАЕВА Мамыркүл Әшірқызының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.